



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2024 ж.

"КАЗАХТУРКМУНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта бас әріппен көрсетілген терминдер мен сөз тіркестерінің мынадай мағыналары бар: • Құпия ақпарат – қызметтерді орындау барысында Орындаушыға белгілі болған, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан Орындаушыға жазбаша, ауызша, электрондық немесе кез келген өзге түрде берілген және Тапсырыс берушінің бизнесіне немесе технологиясына не оның байланысты тараптарына қатысы бар, арнайы «ҚҰПИЯ АҚПАРАТ» ретінде таңбаланған ақпаратты білдіреді. Құпия ақпарат деп, оның ішінде шектеусіз, қаржылық ақпаратты, стратегия, коммерциялық жоспарлар, коммерциялық операциялар мен жүйелер, баға саясаты туралы ақпаратты, қызметшілер, клиенттер және/немесе өнім берушілер туралы ақпаратты, инженерлік-геологиялық және басқа да деректерді, жазбаларды, Қызметтердің кез келген және барлық сатыларында Тапсырыс берушіге немесе Тапсырыс берушінің байланысты тараптарына әзірленген және тиесілі өнертабыстар, жетілдірулер, ноу-хау, ҒЗТҚЖ (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметтер) туралы ақпаратты, сондай-ақ осы Шарт бойынша Орындаушының барлық жазбалары мен нәтижелерін атайды; • Қолданылатын заңнама – заңдарды, кодекстерді, жарлықтарды, қаулыларды, сондай-ақ осы Шартты орындау үшін қажетті немесе қолданылатын барлық ережелер, стандарттар, нормалар мен ерекшеліктерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын білдіреді; • Тапсырыс берушінің персоналы – Тапсырыс берушінің өкілін және Тапсырыс берушінің басқа да жұмыскерлерін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің Орындаушыға персонал деп көрсетілген өзге де персоналды білдіреді; • Орындаушы персоналы - Орындаушының өкілі мен персоналын, оның ішінде осы Шарт бойынша қызметтерді орындау үшін Орындаушы тарапынан тартылатын персоналды білдіреді және Орындаушының жұмыскерлерін, қызметкерлерін және өзге де жұмыскерлерін қамтуы мүмкін; • Шарттың орындалуын қамтамасыз ету – тендер құжаттарында Тапсырыс беруші белгілеген банк кепілдігі немесе шарттың орындалуы үшін басқалай кепілдік, сатып алу туралы шарт толық орындалғанға дейін қолданылу мерзімімен. • Орындаушының Шарт бойынша міндеттерді толық және тиісінше орындаған күні – шарт бойынша жұмыстарды қабылдаудың түпкілікті актісіне қол қойылған күн; • Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету – сатып алу туралы шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейінгі қолданылу мерзімдері бар, Тапсырыс беруші тендер құжаттарында анықталған банк кепілдігі немесе авансты (алдын ала төлемді) қайтару кепілдігі.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Бұл ретте 2024 жылға арналған шарттың сомасы [соманы] ([жазбаша сома]) [Валюта] құрайды; 2025 жылға [соманы] ([жазбаша сома]) [Валюта] құрайды, 2026 жылға [соманы] ([жазбаша сома]) [Валюта] құрайды. Осы тармақтағы барлық сомалар Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды ескере отырып келтірілген.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Электрондық нысандағы шот-фактуралар (ЭШФ). Орындаушы шот-фактураларды Қазақстан Республикасы нормативтік-





құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес электрондық нысанда (ЭШФ) ұсынады;

2.4.3. ҚР Қаржы министрлігі бекіткен Р-1 нысаны бойынша Тараптар қол қойған, қызметтер көрсетуді растайтын Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі. Орындалған жұмыстардың актісін Орындаушы Тапсырыс берушіне есеп айынан кейінгі айдың 01 (бірінші) күніне дейін қағазға басып ұсынады. Осы құжаттардың қағазға басылған түпнұсқалары қоса берілген құжаттардың тізімі көрсетілген Орындаушының хатымен бірге курьерлік қызмет (пошта) арқылы жеткізіліп Тапсырыс берушінің кеңсесіне тіркеледі. Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Шарттың талаптарына, Тапсырыс берушінің талаптарына қайшы келетін құжаттар дұрыс нұсқасын ұсыну үшін Орындаушыға хатпен қайтарылады. Бұл жағдайда құжаттардың дұрыс нұсқасын алған күн құжаттарды алған күн болып саналады. Тараптардың мекенжайлары немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тараптардың әрқайсысы тиісті өзгерістер туралы бір-бірін жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндеттенеді. Мұндай хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты күшіне енеді.

2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.7. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса және қызметтерді Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай орындайтын болса, төлем Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленген ставка бойынша төлем көзінен салық салынатын салықты шегере отырып жасалады.

2.8. Шарт бойынша төлем көрсетілген қызметтер үшін бір рет жүзеге асырылады.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

3.3. Орындаушы құны мен мерзіміне әсер етуі мүмкін барлық тәуекелдерге, күтпеген мән-жайларға және басқа да жағдайларға қатысты барлық тиісті деректері бар екенін қабылдайды, осыған байланысты шарттың құны мен мерзімі бойынша талаптарын шынайы және жеткілікті деп есептейді.

3.4. Орындаушы Тапсырыс берушіден барлық деректерді жеткілікті көлемде алғандығына және алынған деректерді тиісті түрде зерделегеннен кейін осы Шартты жасағанына кепілдік береді. Орындаушының жоғарыда көрсетілген деректерді білмеуі немесе зерттемеуі оны ұсынылған Шарттың шынайы құны мен мерзімі талаптары жауапкершіліктен босатпайтынын қабылдайды.


3.5. Тапсырыс беруші тарапынан Орындаушыға тұрғын жай және тамақ берілмейді.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3.00 % мөлшерінде Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген Орындаушы туралы мәліметтерді Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен Қордың сатып алу жөніндегі операторына Қордың Орындаушы туралы мәліметтерді сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (жеткізушілердің) тізбесіне енгізу үшін жіберіледі.





4.1.3. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.3.2. Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылық есебі осы Шартқа №3 қосымшаға сәйкес ұсынылады. Орындаушы қызметтердегі елішілік құндылығы бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік береді.

4.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.

4.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандар арқылы Қызмет көрсетуге.

4.1.6. Орындаушының тендер құжаттары құрамында мәлімделген білікті мамандармен қызмет көрсету.

4.1.7. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға.

4.1.8. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаны ластануы үшін, сондай-ақ Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында толық жауапты болуға.

4.1.9. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаны ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге.

4.1.10. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға.

4.1.11. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге.

4.1.12. Осы Шарт бойынша кез келген салықтар мен төлемдерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерлемелер бойынша, тәртіппен және мерзімдерде төлеу;

4.1.13. Тоқсанның соңғы есепті күніндегі және қызметтер көрсетілген жылдың соңғы есепті күніндегі жағдай бойынша не егер ол бұрын көрсетілген күндерге дейін аяқталса, Шарттың қолданысы аяқталған сәтте өзара есептерді салыстыру актісін ұсыну;

4.1.14. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпарат ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу мәніне тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.15. Осы Шарттың №7 қосымшасы болып табылатын «Еңбек қатынастары саласында мердігер ұйымдарға қойылатын талаптарды» сақтау.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.


4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қояды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

4.2.4. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.





4.2.7. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтару.

4.3.5. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.3.6. Егер қызметтер Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде орындалатын болса, Орындаушының персоналы мен көлігіне (оның ішінде тасымалдау/жеткізу үшін тартылатындарға) рұқсат өтінімінде (Шарттың №6 қосымшасы) көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, Орындаушыдан тиісінше рәсімделген өтінімді алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде рұқсаттамалар беру. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне Орындаушының өтінімі негізінде Тапсырыс берушінің корпоративтік қауіпсіздік қызметі беретін қажетті рұқсаттамаларды алу жолымен ресімделеді. Тапсырыс берушінің объектілеріне уақытша рұқсаттама алуға өтінім кен орнына жоспарланған барғанға дейін кемінде 3 күн бұрын беріледі. Рұқсаттама беруге арналған өтінімге өтінім нысанында көрсетілген құжаттардың көшірмелері де қоса беріледі. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіру үшін рұқсаттамалар мына мекенжай бойынша беріледі: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы 173/1, «PROGRESS» бизнес орталығы;

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.


4.4.6. Талаптарда көрсетілген жағдайларда және тәртіппен осы Шарттың № 7 қосымшасы болып табылатын еңбек қатынастары саласындағы мердігер ұйымдарға қойылатын талаптардың сақталуы бойынша Орындаушыны тексеру. Орындаушыдан қойылған өсімақының, айыппұлдың және шығындардың сомасын төлеуді талап ету.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Қызметтердің техникалық сипаттамаға және Шарттың басқа талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.2.1. Көрсетілген қызметтердің сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмаған кемшіліктер (жасырын кемшіліктер) бойынша шағымды Тапсырыс беруші Орындаушыға қызмет көрсеткен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады. Егер Орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай талап Орындаушы деп танылады және орындаушы өз тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарламаны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қызметтердің





сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе қызметтердің сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.2.2. Егер Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсеткен сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.3. Кемшіліктер анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы өкілінің қатысуымен, ал ол жоқ болған жағдайда тиісті қауақтісін жасайды. Ақтіде мыналар көрсетілуі керек:

5.3.1. қауақтісін жасалған күні мен орны;

5.3.2. кемшіліктерді егжей-тегжейлі көрсету;

5.3.3. кемшіліктерді жою бойынша Тапсырыс берушінің ескертулері мен талаптары және т.б.;

5.3.4. кемшіліктер бойынша шағымға байланысты маңызы бар өзге де мән-жайлар;

5.3.5. Орындаушының кемшіліктерді жою мерзімі.

5.4. Орындаушы қауақтісін жасаудан немесе оған қол қоюдан бас тартқан кезде, кемшіліктерді растау үшін Тапсырыс беруші уәкілетті орган өкілінің қатысуымен тәуелсіз сараптама комиссиясын тағайындауға құқылы, ол кемшіліктерді белгілеу және олардың сипаты бойынша тиісті ақтіні жасайды, Орындаушыны сараптама нәтижелері туралы хабардар етеді.

5.5. Кемшіліктер анықталған және қауақтісіне қол қойылған (немесе сараптама комиссиясы кемшіліктерді белгілеу жөніндегі ақтіні жасаған) жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушімен келісілген мерзімдерде және өз есебінен осы кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолдануға міндеттенеді.

5.6. Егер Орындаушы шарт және нормативтік-құқықтық құжаттарының талаптарын бұза отырып көрсетілген қызметтер көрсетуді түзету жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер Орындаушы шарт құжаттарына сәйкес Қызметтерді соңына дейін көрсете алмаса, Тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен Орындаушыға тоқтау себептері жойылғанға дейін қызметтер көрсетуді тұтастай немесе олардың бір бөлігін тоқтату туралы өкім бере алады.

5.7. Егер Орындаушы қауақтісінің (немесе кемшіліктерді белгілеу жөніндегі сараптама комиссиясының ақтісінің) нұсқамаларын орындамаса, онда Тапсырыс беруші Орындаушыны жазбаша хабардар еткеннен кейін дербес немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қолдануға құқылы. Осы кемшіліктерді жоюға байланысты Тапсырыс берушінің барлық шығыстарын Орындаушы Тапсырыс беруші шот берген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбе күні ішінде төлеуі не Тапсырыс беруші Орындаушыға төленуге тиісті сомдан ұстап қалуы тиіс.

5.8. Қауақтісі Орындаушыға факс, электрондық пошта немесе Тапсырыс хат арқылы жіберілуі мүмкін.

5.9. Көрсетілген қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын, Шарт талаптарын қанағаттандыратын нәтиже алынған сәтке дейін қайталаыады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша көрсетілген төлем бойынша міндеттерінің басталуы осындай рәсім мерзіміне ұзартылады. Орындаушы көрсетілген қызметтердің кемшіліктерін жоудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші қызметтердің құнын төлемеуге құқылы.

5.10. Егер кемшіліктер мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген санкцияларды біржақты тәртіппен қолдануға, Шартты бұзуға және Орындаушыдан осындай бұзуға байланысты залалдар мен шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы.

5.11. Шарт құжаттарында қарастырылған қабылдау ақтілеріне қол қою Орындаушының жұмыстарды толық орындағанын растайды.

5.12. Түпкілікті төлем 2-тараптан қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстыру ақтісінің негізінде жүргізіледі.

5.13. Өзара есеп айырысуларды салыстыру ақтісін Орындаушы 2 дана ресімдейді және тараптар жұмыстарды орындау ақтісіне қол қойылған және Орындаушы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қояды.

5.14. Өзара есеп айырысуларды салыстыру ақтісі Шарттың 7-бөліміне сәйкес айыппұл санкцияларын ескере отырып, олар туындаған жағдайда өзара қаржылық міндеттер туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

5.15. Сондай-ақ, өзара есеп айырысуларды салыстыру ақтісін Орындаушы ұсынады: - Орындаушы Шарт бойынша барлық міндеттерді түпкілікті есептеу үшін орындағаннан кейін; - немесе екі тарап шартты бұзу туралы келісімге қол қойғаннан кейін және олар туындаған жағдайда айыппұл санкцияларының есебіне екіжақты қол қойғаннан кейін; - немесе Тапсырыс берушіден Шарттың қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтату туралы хабарлама алғаннан кейін және айыппұл санкцияларының есебіне екіжақты қол қойғаннан кейін олар туындаған жағдайда; - Тараптардың талабы бойынша кез келген уақытта.

6. Кепілдіктер және Сапа





6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 365 күнтізбелік күн белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.3. Орындаушы осы Шартта қарастырылған Қызметтерді орындау үшін қажетті барлық қажетті лицензиялардың, сертификаттардың және басқа да рұқсат беру құжаттарының болуына кепілдік береді және лицензияларды, сертификаттарды және басқа да рұқсат беру құжаттарын (мемлекеттік органдармен келісулерді) алуға байланысты барлық шығыстарды төлеуге міндеттенеді. Орындаушы жоғарыда аталған құжаттары болмаған жағдайда, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға кіріспейтініне кепілдік береді. Жоғарыда санамаланған құжаттардың болмауына байланысты үшінші тұлғалар тарапынан қандай да бір айыппұлдар салынған, талап-арыздар қойылған жағдайда Орындаушы оларды Тапсырыс берушіге шот ұсынылған және растайтын құжаттар ұсынылған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеуге кепілдік береді.

6.4. Тараптар азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандырудың мынадай түрлері бойынша қамту шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде қолданыста болуына және сақталуына кепілдік береді: көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру және осы Тарап персоналының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін тиісті Тараптың жауапкершілігін сақтандыру, осы персоналдың өз лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты еңбек шарттары негізінде өзіне тартылатын міндеттері. Тараптар қызметтер көрсету аумағындағы шарттар бойынша міндеттемелерді өздері орындайтын міндеттемелерге сәйкес келетін белгілі бір деңгейге дейін орындайтын өз жеткізушілерін/мердігерлерін/орындаушыларын сақтандыруға кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті. Жұмыстарды орындау мерзімдері қызмет көрсетуді бастау мерзімдері деп те түсініледі. Сондай-ақ, Орындаушы Тапсырыс берушіге ілеспе жұмыстар мен қызметтердің тоқтап қалуына байланысты шығындарды өтейді, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды;

7.2.2. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.3. Қызметтерде елішілік құндылықтың нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.

7.4. Егер Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың 4.1.2.-тармағында белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, онда Шарт өзінің қолданысын тоқтатады және Тапсырыс беруші Орындаушыны таңдау кезеңінде Орындаушы енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.5. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.6.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.6.2. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспауға тиіс.





7.6.3. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

7.6.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.8. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.10. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар аясында Шартта қарастырылған операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемей) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС-ның асып кеткен сомасын қайтарудан бас тартса не қосымша салық есептелген болса, онда Орындаушы Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылуынан бас тартылған ҚҚС сомасы толығымен және қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтарды өтейді. Осы тармақта қарастырылған шарт тек Орындаушы қарым-қатынастарымен ғана шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамау, ҚҚС қайтармау және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге ұсынған салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеу жағдайларына әкелген Орындаушының басқа Орындаушылармен қарым-қатынастарға қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетілмеген (төлемеген) не Шартта қарастырылған операциялар бойынша өзара есеп айырысуды растамаған фактілер бойынша Орындаушы тарапынан өтелген ҚР бюджетінен қайтаруылуы бас тартылған ҚҚС-тың асып кеткен сомасы Тапсырыс берушіге ҚҚС қайтаруға жаңадан берілген талаптың негізінде және Орындаушының не өнім берушілердің бұрын анықталған бұзушылықтардың 1-ші, 2-ші, 3-ші және т.б. жою нәтижесінде қайтарылған жағдайда Орындаушыға қайтарылу қажет. Тапсырыс беруші ҚҚС артуының нақты қайтарылуын алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Орындаушы бұрын өтеген ҚҚС сомасын қайтаруға міндеттенеді. Шарттың осы тармағының ережелері осы Шарт бойынша негізгі міндеттеменің қолданылу мерзімі тоқтатылғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы өз күшін сақтайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;


8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.3.3. Шарт талаптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тартудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы





тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шартты бұзу кезінде орындаушы Шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзу күніне ақы талап етуге құқылы.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты одан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Тараптардың ешқайсысы басқа Тараптың жазбаша келісімі болмаса, Шарт бойынша қандай да бір құқықтарды беруге немесе қандай да бір міндеттерді бермейді.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірілген жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 31.12.2026 жылға дейін дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады. Осы Шарт шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін басталған, бірақ аяқталмаған қызметтерге, оның ішінде айыппұл санкцияларына қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты, бірақ олармен шектелмейтін әрекеттерді қамтуы мүмкін.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

12. Дауларды шешу тәртібі



12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз





артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз максаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

